

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

енген түркітілдес тайпалардың отырықшы мәдениетке көшу жолында маңызды рөл атқарды. Сауда-экономикалық байланыстарды дамытудың арқасында халықтар мен тайпалар бір-бірінен шаруашылық жүргізу тәжірибесін алды. Мұндай өзара әсер орта ғасырларда Қазақ жеріндегі Ұлы Жібек жолы өткен аймақтардың гүлденуіне дейін жалғасты.

Әдебиеттер тізімі

1. Макогон Ю. В. Грузан А. В. Роль Великого шелкового пути в развитии цивилизации. Возрождение Большого пути через трансформацию Евразийских транспортных коммуникаций: региональный аспект. Донецк, 2009, 306 с.
2. Торопыгин А. В. Великий шелковый путь. Перезагрузка //Евразийская интеграция: экономика, право, политика. – 2012. – №. 11. – С. 187-214.
3. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырдағы Қазақстан. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 157-161 б.
4. Альджанова Н., Мионг С. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы қалалары коммуникациясының мәдени ерекшеліктері //Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2015. – Т. 52. – №. 3.
5. Байпаков К. М. Великий шелковый путь на территории Казахстана. — Алматы: Адамар, 2007. — 496 с.
6. Золотарева Л.Р. Наследие Великого Шелкового пути в контексте мировой культуры: монография / Л.Р. Золо-тарева, Р.М. Жумашев. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2019. — 180 с.
7. Ыбышова С. Т., Жарықбаева Д. Р. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕСІ //ВЕСТНИК «Исторические и социально-политические науки». – 2020. – Т. 2. – №. 65.
8. Докашева Е. С. Великий шелковый путь. Полная история / Е. С. Докашева — «Издательство АСТ», 2020 — 165 с.
9. Бартольд В. Очерк истории Семиречья. Соч., т II, ч.2. М, 1963-31с.
10. Карменова Н. Н. и др. РОЛЬ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫХ МЕСТ В РАЗВИТИИ ТУРИЗМА В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ //Природное и культурное наследие: междисциплинарные исследования, сохранение и развитие. – 2021. – С. 326-329.
11. <https://klike.net/2536-kartinki-velikij-shelkovyj-put-32-foto.html>
12. <https://multiurok.ru/files/u-ly-zhibiek-zholynyn-tarmak-tary-onyn-k-azak-stan.html>
13. <https://ru.pinterest.com/pin/54190976763504415/>
14. <https://horde.me/theYakov/velikiy-shelkovyy-put-balasagun-suyab-lyuksemburg.html>
15. https://atamuraweb.kz/?page_id=19506&lang=kk
16. <https://www.drive2.ru/b/554289926036784318/>
17. <https://wildticketasia.com/ru/183-ancien-settlement-turkestan-in-kazakhstan.html>
18. <https://ticketon.kz/kz/place/sauran>

АРМЯН-ҚЫПШАҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖІКТЕЛІМІ

ЖИЕМБАЙ Б.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,

PhD доктор.

ТОЛСТОЙ А.,

Астана Халықаралық университетінің
аға оқытушысы.

БАСТАМИТОВА А.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

аға оқытушысы, магистр.

Аннотация. Объекты письменного наследия раннего и позднего средневековья содержат ценную информацию об истории, языке и культуре казахского народа. В Казахстане запущен ряд программ, в частности «Культурное наследие» и «Взгляд в будущее: модернизация общественного

сознания», отдельные аспекты которых направлены на сбор объектов культурного наследия, их изучению, сохранению, внедрению в научный оборот, применению полученной информации. Значительное количество памятников историко-культурного наследия, связанных с историей и культурой Казахстана, находится в зарубежных архивах и библиотеках. Особое значение в контексте изучения тюркских языков и тюркской культуры имеют армяно-кыпчакские письменные памятники. В статье проанализированы армяно-кыпчакские памятники, произведена их систематизация по жанрам.

Ключевые слова: письменные памятники, культура, язык, история, жанр, кыпчак.

Abstract. Objects of written heritage of the early and late middle ages contain valuable information about the history, language and culture of the Kazakh people. A number of programs have been launched in Kazakhstan, in particular «Cultural heritage» and «Looking to the future: modernization of public consciousness», some aspects of which are aimed at collecting cultural heritage objects, studying them, preserving them, introducing them into scientific circulation, and applying the received information. A significant number of historical and cultural heritage monuments related to the history and culture of Kazakhstan are located in foreign archives and libraries. The Armenian-Kipchak written monuments are of particular importance in the context of the study of Turkic languages and Turkic culture. The article analyzes the Armenian-Kipchak monuments and systematizes them by genre.

Key words: written monuments, culture, language, history, genre, Kipchak.

Орта ғасырда Орталық Еуропадан Солтүстік Қытайға дейінгі ұлан-ғайыр аймақты мекен еткен түрк тілдес тайпалардың ішіндегі ең ірі ұлыстардың бірі – *қыпшақтардың* қоныстану территориясы шығыс жазба-деректерінде *Дешти Қыпшақ* атауымен белгілі. Қыпшақ тайпаларының әйгілі әскери табыстарының арқасында X-XIII ғасырларда олар өздерінің туы астына Еуразияның далалық белдеуінде өмір сүрген барлық дерлік көшпелі тайпаларды топтастыра алды. Тайпалық қыпшақ қоғамының қалыптасуы көне қыпшақтар мен оның құрамындағы басқа да түркі тілдес көшпелілердің Еуразия даласына кеңінен қоныстануына мүмкіндік беріп, парсы тілдес көшпенділердің түркілену үдерісінің жалғасуына, түркі мәдениеті мен тілінің басқа да этникалық ортада таралуына септігін тигізді. Нәтижесінде қыпшақ тіліндегі орта ғасырлық жәдігерлер тарихи-әлеуметтік және сол кезеңдегі саяси жағдайларға орай әр дәуір мен кезеңде, түрлі жерде әр түрлі әліпбимен жазылып отырды. XI-XVII ғасырларда Қырым, Подолия, Польша, Венгрия, Египетте *араб, латын, армян, славян, руна* жазуларымен жазылған қыпшақ (половец, хардеш, құман) және печенег тілдеріндегі жазба ескерткіштердің қазіргі түркі тілдері арасында алатын орны ерекше.

Армян-қыпшақ тілінде жазылған, 1521-1669 жылдарға тиесілі 112 жазба ескерткіш бүгінгі күні шамамен 25-30 мың беттен тұратын көлемді жазбалардың жиынтығын қалыптастыруда. Бұл армян-қыпшақ ескерткіштерінің мәдени маңыздылығының жоғарылығын айғақтай түсетіні ақиқат.

Қазіргі таңда армян-қыпшақ жазба ескерткіштері Киевте (Каменең-Подольск армян сот істерінің акт кітаптары және Андрей Торосовичтың «Философ тасының құпиясы» шығармасы), Львовта (1 армян-қыпшақ сөздігі және 26 жеке құжаттар), Ереванда (3 христиандық және филологиялық мазмұндағы қыпшақ ескерткіштері және 6 қыпшақ тіліндегі армян жазбалары), Санкт-Петербургте (армян-қыпшақ сөздігі, Псалтырь), Венада (3 армян-қыпшақ сөздігі және 13 христиандық және сот ісі мазмұнындағы қолжазбалар – Төре бітігі, акт кітаптары, Псалтырьлар, дұғалық кітаптар, 3 пірәдір Антонның өсиет кітаптары), Венецияда (10 қолжазба, атап айтқанда Псалтырьлар, дұғалық кітапшалар, акт кітаптары және жылнамалар), Краков, Варшава, Вроцлав қалаларында (Псалтырь, дұғалық кітап, күнтізбе, 1528-1604 жылдардағы Сот ісі кітабын қоса есептегенде қолжазба саны 11), Парижде (4 қолжазба, олар: Псалтырь, күнтізбе, Төре бітігі және «Дана Хикар туралы аңыз» бен жылнамалардан тұратын жинақ), Герлада (Арменополис, Шамошувар – Румыния – Псалтырь) және Лейденде (1 дұға кітабы) сақталған [1, с. 587].

Армян-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер көлемі жағынан ауқымды, жанрлық тұрғыда сан алуан, оларды тақырыптық жүйеге негіздей отырып, 6 топқа бөліп қарастыруға болады:

1) Тарихи жылнамалар

Қазіргі уақытқа дейін үш армян-қыпшақ жылнамасы сақталған, олар «Каменең жылнамасы», «Венеция жылнамасы» және «Поляк ұлысы жылнамасы».

«*Каменең жылнамасын*» бастапқыда Каменең қаласы армян ақсүйектерінен шыққан дін өкілдері – Агоп пірәдір (1582-16/26 сәуір 1621) армян тілінде және армян әліпбиімен қыпшақ тілінде құрастырып, кейін туған інісі Аксент дер Крикор тарапынан 1650-1652 жылдары редакцияланып, толықтырылған. Жылнамада Украинаның оң жағалауы мен батысында, Молдавия мен Валахияда өткен оқиғалар, сонымен қатар 1430-1652 жылдары Каменең-Подольскідегі оқиғалар сипатталады. Қыпшақша бөлігінде Цецера түбі шайқасы мен Хотин соғысы кезіндегі поляк-осман қарым-қатынастарының шиеленісі сипатталған. «Жылнаманың» бірінші қыпшақ жазбасы 1611 жылғы қаңтардағы Каменең қаласында өткен армян қауымының войт сайлануына арналса, екіншісінде 1622 жылғы 12 мамырда Замостьеде кафалық вартабед Месробтың дүниеден өткені баяндалған.

«Каменең жылнамасы» қысқа және кеңейтілген нұсқаларда жазылған. Қазіргі уақытта еңбектің бұл нұсқалары Париж ұлттық кітапханасында №194 қолжазба түрінде (қысқа нұсқасы) және Венециядағы әулие Лазарь аралы мхиттаристер кітапхана қорында №1700 қолжазба түрінде (кеңейтілген нұсқасы, 169 бет) сақталып отыр.

Жылнаманың Париж нұсқасының латын тіліндегі транскрипциясын Жан Дени 1957 жылы жариялап, француз тіліне «L'arméno-coman et les «Ephémérides» de Kamieniec» деген атаумен аударған, басылымды сөздікпен толықтырған. «Жылнама» мәтінінде 1060/1611 жылғы қаңтардан – 1062/1613 жылғы 3/13 қарашаға дейінгі жазбалар кездеседі. Жылнаманың Венецияда сақталған нұсқасының толық мәтінін Г. Алишан 1896 жылы «История армян Польши и Румынии с приложением первоисточников» деген атаумен армян графикасында жариялайды. Қолжазбадағы қыпшақ мәтіндерін, дәлірек айтқанда Цецор түбі шайқасы мен Хотин соғысы сипатталған бөлігін 1968 жылы Э. Шютц ағылшын тіліне аударып, «An Armeno-Kipchak Chronicle on the Polish-Turkish Wars in 1620-1621» тақырыбында жариялайды. Э. Шютц пен Ж. Денидің еңбектерін ағылшын аудармасы және транслитерациясымен бере отырып, есімдер мен жағырапиялық атаулар көрсеткіштері және глоссарийлермен толықтырып, 1969 жылы И. Вашари өз еңбегін «Armeno-Kipchak Parts from the Kamenets Chronicle» тақырыбында жариялаған.

«*Венеция жылнамасы*» және «*Поляк ұлысы жылнамасы*» (Польша жылнамасы) Париждегі Ұлттық кітапхана қорында сақталған, бұл екі ескерткіш те танымал ғалым Г. Алишан тарапынан 1896 жылы «Каменең: Тарегірк һайоц` Лехастані йеу Руменіой һауастч`ейй йауелуацовк`» атауымен жарияланған болатын.

«Венеция жылнамасының» үзінділерін Ж. Дени 1957 жылы жариялаған еңбегінде келтірген болатын. Польша жылнамасын Я. Дашкевич пен Э. Трыярский Г. Алишан жарияланымдарын негізге ала отырып, тыңғылықты зерттеп, 1981 жылы «La Chronique de Pologne» - un monument armeno-kiptchak de premiere moitie du XVII siècle» тақырыбымен қайта басып шығарады. Екі жылнама да армян әліпбиімен қыпшақ тілінде жазылған, көлемі қысқа және Иса пайғамбардың туылған кезеңінен бастап 1537 жылға дейінгі және 1530 жылғы оқиғалар баяндалады. Бұл екі қолжазба әлі күнге дейін арнайы зерттеу нысаны болған емес. Алайда үзінділердің толық берілмеуі не оқиғалар желісінің бір-бірімен тығыз байланыста дамымауы қолжазба құндылығын жоғалтпайды.

2) Заң кодекстері және акт құжаттары

Сот-әкімшілік істерін жүргізуге арналған құжаттар, кәсіптік және қоғамдық ұйымдарының жарғылары, заң кодекстері мен діни-азаматтық өзін-өзі басқару актілерін қамтитын құжаттар армян-қыпшақ ескерткіштерінің ауқымды бөлігін құрайтыны белгілі. Осы ескерткіштердің арасындағы түбегейлісі әрі қазақтың құқықтық тарихын зерттеудің қосымша көзі болып табылатын құжат – 1519 жылы армян тілінен латын тіліне аударылып, поляк королі бекіткен, кейіннен Львов армян-қыпшақтарының тіліне аударылған «Төре бітігі» заңдар жинағы. Бұл құнды қолжазба кіріспеден, зайырлы заңдардан және қосымша баптар сипатты үш бөлімнен тұрады. Мұнда мемлекет билігіне, өзге де құқықтарға және сот ісіне қатысты әр түрлі

құқықтық қатынастарды реттеген 124 баптан тұратын «Армян төресінің кітабы» және «Іс жүргізу кодексіне» арналған 99 қосымша баппен қамтылған [2, с. 9].

Қазіргі уақытта «Төре бітігінің» 3 нұсқасы сақталып отыр, олар:

1. Вроцлав нұсқасы (1523) – Вроцлав қаласындағы Оссолинский атындағы ұлттық кітапханада (Wroclaw Ossolineum Library) / Польша 1916/II нөмірінде тіркелген. Бұл қолжазба толық әрі басқа қолжазбаларға қарағанда 53 қосымша қыпшақ жазбасына артық болып есептеледі. Вроцлав нұсқасын алғаш рет 1957 жылы М. Левицкий мен Р. Кохнова Rocznik Orientalistyczny журналында «La version turquekiptchak du Code des lois des Arméniens polonais» тақырыбында жариялаған.

2. Львов нұсқасы (1568) – Париж ұлттық кітапханасында 176 нөмірде тіркелген (Catalogue des manuscrits armeniens et georgiens de la Bibliotheque Nationale, Paris, 1908).

3. Каменец нұсқасы (1575) – Вена Мхитаристтер кітапханасында 468 нөмірде тіркелген (Catalog der armenischen Handschriften in der Mechitaristen-Bibliothek zu Wien, 1895).

«Армян Төре бітігінің қыпшақ-поляк версиясы және армян-қыпшақ сот ісін жүргізу кодексі» қазақ және орыс тілдерінде 2003 жылы жарияланды, еңбек авторлары – белгілі ғалым А. Гаркавец және тарихшы, ғалым, ҚР ҰҒА академигі Ғ. Сапарғалиев.

Сондай-ақ Львовта туу туралы куәлік, діни істер, сот істері секілді түрлі тақырыпта табылған акт құжаттарында жазбалар армян-қыпшақ тілімен қоса поляк, латын, италян, украин тілдерінде де жүргізілген. Ал Каменец-Подольскіде көбіне көп сот істері құжаттары қыпшақ тілінде жүргізіліп, соңғы құжат 1663 жылғы 20 наурызда тіркелген екен. Соңғы құжат ретінде танымал болғаны – *Симон Харахаш әйелі Зосидің өсиетхаты*, бұл хат шамамен 1118/1669 жылғы 8/18 желтоқсанда жазылған. Бұдан ертерек жазылған қолжазбаларға Львов шіркеуінде жазылған құжаттарды жатқызуға әбден болады, қазіргі уақытта бұл құжаттар Венадағы Мхитаристтер кітапханасында қолжазба ретінде (№440) сақтаулы.

Қазіргі уақытта ғалымдар тарапынан армян-қыпшақ тілінде жарияланған 40 акт кітабы анықталуда және армян-қыпшақ жазбаларынан тұратын бұл құқықтық құжаттардың жалпы көлемі 18 мың бетті құрайды, десе де 3 қолжазба жоғалған, оларды тек ғалымдар тарапынан жарияланған үзінділеріне сәйкес қандай құжаттар екенін анықтау мүмкін болып отыр:

Т.И. Грунин 1967 жылы Киев көне қолжазбалар орталық мұрағатында сақталған №4386 Каменец-Подольск (1559-1567) армян сот мекемесінің ең көне акт кітабының 298 жазбасын жариялады [3]. Дәл осы қолжазбаның төрт мәтінін Х.И. Кучук-Иоаннесова және Ф.Е. Корни қолжазба көшірмесі негізінде 1976 жылы И. Абдуллин «Армяно-қыпшақские тексты из архива Ф.Е. Корша» атауымен «Татар теле һәм әдәбияты» журналында жариялады. Акт кітабының 1585 жылға қатысты 2 жазбасын №4395 нөмірлі қолжазба түрінде мұрағатта сақталған құжат негізінде 1830 жылы М. Бжикянц жариялады. Сонымен қатар ол Львов армян діни соты кітабынан 1521 жылға тиесілі армян-қыпшақ тіліндегі жазбаның үзіндісін жариялаған болатын.

Армян-қыпшақ тілінде жазылған қалған 37 акт кітабы Киев, Вена, Венеция, Польша мұрағаттарында сақтаулы:

Украинаның орталық мемлекеттік тарихи мұрағатындағы 39 қордың 1-тізімдемесінде Каменец-Подольск қаласының 1572-1663 жылдарға тиесілі армян-қыпшақ сотының 28 кітабы (сегіз мың беттен аса) сақтаулы.

Вена армян мхитаристтер конгрегациясы кітапханасында №440 нөмірлі Львов шіркеуінің 1636-1736 жылдар аралығындағы метрикалық жазбалары (120 бет), №444 нөмірлі Львов армян-қыпшақ сот ісінің екі кітабы, №446 апостол Павелдың екінші жолдауы, №452 Львов армян-қыпшақ сот ісінің 1598-1637 жылдарды қамтитын кассалық кітабы, №441, №447 Львов армян діни сотының 1572-1630, 1643-1667 жылдарда акт кітаптары сақталған. Э. Трыярский №446 нөмірлі қолжазба апостол Павелдың екінші жолдауын 1976 жылы «Der zweite Brief des Paulus an die Korinther in armeno-kiptschakischer Version und seine Sprache» атауымен «Altaica Collecta» басылымында жариялаған болатын. Ал Э. Шютц №441, №447 нөмірлі қолжазба ретінде сақталған Львов армян діни сотының акт кітаптарын 1971 жылы «Acta Orientalia Hungarica» басылымында «Armeno-kiptschakische Ehekontrakte und Testamente» атауымен жариялады.

Венециядағы армян мхитаристтер конгрегация кітапханасында №1788 нөмірлі қолжазба түрінде 1630-1642 жылдар аралығын қамтитын Львов армян діни сотының акт кітабы (179 бет) сақталған.

Сондай-ақ Польшадағы жеке тұлғаларда, көп жылдар бойы шығыс, армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін, микрофильмдер мен фотокөшірмелерді зерттеп-жинақтаумен айналысқан Мариан Левицкийдің ұрпақтарының жеке қорында екі еңбек сақтаулы, олар: 1) 1625-1630 жылдарды қамтитын, 48 беттен тұратын Львов армян сот мекемесінің акт кітабы (қолжазбаның жалғасы Венадағы армян мхитаристтер конгрегация кітапхана қорында); 2) Львов армян архиепискобының туу туралы жазбалар кітабы.

3) Филологиялық еңбектер

Армян-қыпшақ ескерткіштеріне тиесілі филологиялық зерттеулердің денін армян графикасымен жазылған қыпшақ тіліндегі екі көмекші оқу құралы (грамматикалық оқулық), бес қыпшақша аударма сөздік және бір Забур (Псалтырь) сөздігі құрайды. Көмекші оқу құралдары (грамматикалық оқулықтар) шамамен 1581-1613 жылдары Львов қаласында армянша-қыпшақша жазылған және қазіргі уақытта олар Матенадаран қолжазбалар институтында (Ереван/Армения) және Вена мен Санкт-Петербург кітапханаларында, атап айтқанда: *Львов университеті кітапханасының қолжазбалар бөлімінде (366 бет, №51); Санкт-Петербург М.Е. Салтыков-Щедрин мемлекеттік кітапханасында (280 бет, №8); Вена ұлттық кітапханасында (106 бет, №3); Вена Армян мхитаристтер кітапханасында (178 бет, №84 және 301 бет, №311) тіркелген.*

1968-1972 жылдары Э. Трыярский Варшава қаласында армянша-қыпшақша аударма сөздіктің Венадағы 3 нұсқасын негізге ала отырып, «Dictionnaire Arméno-Kiptchak d'après trois manuscrits des collections viennoises» поляк және француз тілдеріндегі мағынасы көрсетілген қыпшақ-поляк-француз тілдерінде сөздік жасады әрі бұл еңбектің бес қолжазбаның кейбір беттерінің факсимилесімен ұсынылуы ерекше болды. Кейінгі уақытта Э. Трыярскийдің бұл жұмысы Г. Дерфердің, К. Менгестің, Дж. Клосонның этимологиялық зерттеулеріне арқау болғаны мәлім.

Ереван қаласының Матенедаран қолжазбалар қорында сақталған мәтіндер негізінде армян ғалымдары тарапынан жазылған А. Сафарян мен Л. Саакянның «Описание и историко-филологический анализ армянографических кипчакоязычных рукописей Института древних рукописей Матендарана имени Месропа Маштоца (Ереван, Армения)» атты ғылыми-зерттеу есебі, О.С. Еганяның «Об одном армяно-кыпчакском грамматическом пособии XVI в.» еңбектері де құнды зерттеулердің қатарынан орын алары сөзсіз [5], [6].

4) Діни еңбектер

Бүгінгі күні Еуропаның мұрағаттар қорында армян графикасымен жазылған бірқатар діни мазмұндағы қолжазбалар сақталған, дәлірек айтсақ олар: 5 Псалтырь кітабы, 1 Апостол Павелдің жинағы, 9 дұға кітабы, дінтанушы (теолог) Антонның 4 уағыз жинағы, 1 пасха күнтізбесі және 18 жылдық күнтізбе мен армян және көне түрк тілінде аталған 12 жылдық жануарлар күнтізбесінің тізімі.

Армян графикасы негізінде қыпшақ тілінде жазылған діни қолжазбалардың бірі – 1618 жылы Львов қаласында жазылған «Алғыш бітігі» дұға кітабы. Еңбекте қыпшақ тілінің синтаксистік құрылымында ауытқушылықтар байқалады, бұл аударма әсерінен деп есептейміз. Кітаптың нұсқасы Лейден университеті кітапханасында сақталған. «Алғыш бітігін» зерттеуді алғаш рет Э. Шютц болды, ол 1961 жылы «Acta Orientalia Hungarica» басылымында «An Armeno-Kiptchak Print from Lvov» тақырыбында мақаласын жазған болатын, ғалым сондай-ақ үш дұғаның транскрипциясы мен сөздігін жариялады.

5) Көркем шығармалар

Көркем шығармалар қатарына XVI-XVIII ғасырларда Каменец-Подольск мен Львов аймақтарында қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің ішіндегі көркем-дидактикалық жанрдағы «Дана Хикар сөзі» атты еңбегін жатқызуға болады. Қазіргі таңда бұл қолжазба Вена (Австрия) қаласындағы армян мхитаристтер Конгрегациясы кітапханасында 468 нөмірлі қолжазбамен тіркеулі. Бұл қолжазбаны 1964 жылы француз ғалымы Ж. Дени мен поляк зерттеушісі Э. Трыярский «Histoire du sage Nikar” dans la version arménokiptchak» атауымен француз тілінде жариялады. Вена кітапханасындағы армян қолжазбаларының каталогын түзген А. Дашян өз еңбегінде ескерткіштің атын «Хикардың тарихы мен өсиеті (армян тілінен

қысқартылып аударылған)» деп көрсеткендіктен, авторлар осы атаудың негізінде «Дана Хикар тарихының армян-қыпшақ нұсқасы» деген атпен бастырып, фотокошірмесін де бірге берген. Осы басылымның негізінде ескерткіш «История мудрого Хикара», «Сказание об Акире премудром», «Сказание о премудром Акире (Хикаре)» немесе «История и изречения премудрого Хикара» деп аталып жүр. Отандық ғалым С. Құдасов ескерткішті қазіргі қазақ тіліне транскрипциялап, алғаш рет қазақ тіліне аударып, ескерткіш тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық жүйесін жан-жақты талдап, соңында қыпшақша-қазақша сөздік беріп, «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің тілі» деген атпен 1990 жылы жариялады [7, Б. 12-13].

б) Жаратылыстану ғылыми еңбектері

Жаратылыстану ғылымдарының санатынан көрінетін армян-қыпшақ ескерткіштерінің бірі, құнды қолжазба – 1626-1631 жылдары жазылған Львовтық Андрей Торосовичтің «Философия тасының құпиялары (Тайны философского камня)» еңбегі. Қазіргі уақытта армян-қыпшақ ескерткіштері А.Н. Гаркавец тарапынан транскрипцияланып [8] тілдік ерекшеліктерін зерттеу қолға алынууда. Осы бағытта жазылған «Кыпчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский» еңбегі [9] бұған дәлел.

Елімізде армян графикасымен жазылған қыпшақ мұраларын зерттеуге бағытталған «Интегративное исследование армяно-кыпчакских памятников и подготовка специалистов-тюркологов по армяно-кыпчакским памятникам в Республике Казахстан» жобасының жүзеге асырылуы (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Түркітану кафедрасы ғалымдары) және «Қыпшақтар: тарих және тіл (армян-қыпшақ ескерткіштері негізінде)» еңбегінің жариялануы да [10] армян-қыпшақ ескерткіштерінің жанрлық сипатын аша түсетіндігі анық.

Бүгінгі таңда армян-қыпшақ жазба мұраларының түркі тарихы мен түркі тілдері үшін айтарлықтай мол мұра болып танылып отырғаны анық. Өйткені бұл жазба ескерткіштердегі сөздік қордың негізінде түркі халықтарының мәдени-рухани дүниесі, материалдық мәдениеті, қоғамдық-әлеуметтік өмірі, кәсібі мен тұрмыс-салты танылатыны белгілі. Мақалада біздің дәуірімізге жеткен армян-қыпшақ мұраларын жанрлық тұрғыда сипаттап, мәлімет беруге тырыстық. Бұл тақырып өзектілігін жоғалтпай, көптеген ғылыми деректер мен зерттеулерге арқау болады деп үміттенеміз. Аталған мақала АР13068438 «Армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі әмбебаптық пен ерекшелік» жобасы аясында дайындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Armenian-Qypchaq Psalter written by deacon Lussig from Lviv, 1575/1580 / ed. by A. Garkavets, E. Khurshudian. – Алматы: Desht-i-Qypchaq, 2001. – 656 p.
2. Гаркавец А., Сапарғалиев Г., Капраль М., Цимбал М. Төре бітігі. Армяно-кыпчакский Судебник 1519-1594 гг. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, Баур, 2003. – 792 с.
3. Документы на половецком языке XVI в. / Подготовил Т.И.Грунин. – М.: Наука, 1967. – 430 с.
4. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: каталог и тексты памятников армянским письмом. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – Т. 1. – 1084 с.
5. Еганян О.С. Об одном армяно-кыпчакском грамматическом пособии XVII в. // Вопросы языкознания. – 1962. – №5. – С. 152-154.
6. Сафарян А.В., Саакян Л.С. Описание и историко-филологический анализ армянографичных кыпчакоязычных рукописей Института древних рукописей Матенадарана имени Месропа Маштоца. – Ереван, 2010. – 68 с.
7. Құдасов С. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана хикар сөзінің тілі». – Алматы: Ғылым, 1990. – 118 б.
8. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Памятники духовной культуры караимов, куманов-половцев и армяно-кыпчаков. – Алматы: KASEAN; БАУР, 2007. – Т. II. – 912 с.
9. Гаркавец А.Н. Кыпчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 228 с.
10. Шаймердинова, С.А. Ярыгин, Т. Молдабай, Б.С. Жиембаев және т.б. Қыпшақтар: тарих пен тіл (армян-қыпшақ ескерткіштері негізінде): монография. – Астана: Сарыарқа, 2014. – 228 б.